

АСТАНА  
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ  
УНИВЕРСИТЕТІ



ASTANA  
INTERNATIONAL  
UNIVERSITY

МЕЖДУНАРОДНЫЙ  
УНИВЕРСИТЕТ  
АСТАНА

«БЕКІТЕМІН»

Бірінші вице-президент

Астана халықаралық университет

Мырзағалиева А. Б.



« 27 » 03 2025 ж.

«КЛИМАТТЫҚ ӨЗГЕРІСТЕР ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ЖАСЫЛ ЭКОНОМИКА:  
СЫН-ҚАТЕРЛЕРІ МЕН ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ» ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ  
ҒЫЛЫМИ ЖҰМЫСТАР БОЙЫНША  
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КОНКУРСТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЕРЕЖЕСІ

Астана 2025 ж.

## 1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Конкурсты ұйымдастырушы – Астана халықаралық университетінің (AIU) Экономика жоғары мектебі (ЭЖМ).

1.2. Конкурс осы Ережеге сәйкес өткізіледі.

1.3. Конкурстың мәртебесі – халықаралық.

1.4. Ұйымдастыру комитеті конкурс өткізу және қатысушыларға кәсіби дамуға қосымша мүмкіндіктер беру мақсатында серіктестер (демеушілер) ретінде компанияларды, қауымдастықтарды және басқа да заңды тұлғаларды тартуға құқылы.

## 2. КОНКУРСТЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

**Конкурстың мақсаты** - жаһандық экологиялық сын-қатерлер жағдайында жасыл экономиканы дамытуға және орнықты дамуға бағытталған ғылыми зерттеулерді қолдау және ынталандыру.

### Міндеттері:

- оқушы және студент жастар арасында Жасыл экономика туралы білімді тарату;
- жасыл экономиканың қағидаттары мен тәжірибелерін насихаттау;
- табиғи ресурстарға ұқыпты және жауапкершілікпен қарау мәдениетін қалыптастыру;
- тұрақты даму, экология және ESG-бастамалар саласындағы ғылыми зерттеулерді дамыту;
- табиғатты қорғау технологиялары саласындағы инновациялық шешімдерді анықтау және қолдау;
- жасыл экономика саласындағы халықаралық ынтымақтастықты дамыту;
- жасыл технологиялар саласындағы инновациялық шешімдер мен әзірлемелерді ынталандыру;
- экономикаға тұрақты технологияларды енгізуге жәрдемдесу.

## 3. КОНКУРСҚА ҚАТЫСУШЫЛАР

3.1. Конкурсқа экономика, экология, басқару, технологиялар және оларға сабақтас салаларда ғылыми зерттеулер мен жобалармен айналысатын, сондай-ақ жасыл технологиялар мен экологиялық тұрақты шешімдерді дамытуға бағытталған зерттеулерін, жобалары мен бастамаларын ұсынуға ниетті жоғары оқу орындарының студенттері, магистранттары мен докторанттары шақырылады.

3.2. Конкурсқа жеке де, топтық түрде де (топ құрамында 3 адамнан аспауы тиіс) қатысуға болады.

3.3. Қатысу үшін байқау талаптарына сәйкес дайындалған конкурстық жұмысты қоса бере отырып, белгіленген үлгідегі өтінімді (1-қосымша) тапсыру қажет.

3.4. Қатысушылар конкурс жаңалықтары, ұйымдастырушылық өзгерістер, нәтижелер және өзге де маңызды ақпараттар туралы келесі арналардың бірі арқылы хабардар етіледі:

- Astana International University-дің ресми сайтында және Экономика жоғары мектебінің Instagram парақшасында деректерді ашық түрде жариялау арқылы;
- тіркеу кезінде көрсетілген электрондық пошта мекенжайына хабарлама жолдау арқылы.

## 4. КОНКУРСТЫҚ ЖҰМЫСТАРДЫҢ НЫСАНДАРЫ

4.1. Жұмыстар келесі форматтарда ұсынылуы мүмкін:

- ғылыми эссе (3–5 бет);

- презентация (15–20 слайд);
  - аналитикалық зерттеу (10 бетке дейін);
  - ғылыми жобаның тұсаукесері бар бейнеролик (5 минутқа дейін).
- 4.2. Конкурстық жұмыс Ереженің 5-тарауына сәйкес, бір тақырыптық бағыт бойынша жеке немесе ұжымдық (құрамында 3 тең автордан аспайтын) түрде ұсынылуы мүмкін.

## 5. КОНКУРСТЫҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ БАҒЫТТАРЫ

5.1. **Климаттық бейімделу және тұрақты даму:** климаттың өзгеруін азайту стратегияларын әзірлеу, жаңартылатын энергия көздерін пайдалану.

5.2. **Айналмалы экономика:** қалдықтарды қайта өңдеу, жаңартылмайтын ресурстарды пайдалануды азайту, материалдарды қайталама пайдалану технологияларын дамыту.

5.3. **ESG стандарттары және корпоративтік жауапкершілік:** ESG принциптерін бизнес-модельдерге интеграциялау, компаниялардың тұрақты дамуы, қаржылық емес есептілік.

5.4. **Тұрақты қалалық экожүйелер:** экотранспорт, "ақылды" қалалар, энергия үнемдейтін сәулет және құрылыс.

5.5. **Биотехнология және экотехнология:** қоршаған ортаны қорғаудың жаңа тәсілдерін, биологиялық ыдырайтын материалдарды, су мен ауаны тазартудың инновациялық әдістерін әзірлеу.

5.6. **Мемлекеттік саясат және жасыл экономика:** халықаралық келісімдер мен ұлттық стратегиялардың рөлі, мемлекеттік реттеу және тұрақты дамуды қолдау тетіктері.

## 6. КОНКУРСТЫ ӨТКІЗУ МЕРЗІМДЕРІ

6.1. Конкурс ағымдағы жылдың 1 сәуірінен 30 сәуіріне дейін өткізіледі.

6.2. Конкурстық жұмысты тіркеу (өтінім беру) және электрондық түрде жіберу: [greenschoolaiu@bk.ru](mailto:greenschoolaiu@bk.ru) — 1 сәуірден 20 сәуірге дейін.

6.3. Қазылар алқасының конкурстық жұмыстарды бағалау кезеңі — 21 сәуірден 27 сәуірге дейін.

6.4. Конкурстың қорытындысын шығару және нәтижелерін жариялау — 28–29 сәуір.

6.5. Конкурс нәтижелері туралы ақпарат Astana International University-дің ресми сайтында және Экономика жоғары мектебінің Instagram парақшасында жарияланады.

Марапаттау құжаттары мен қатысу туралы электрондық сертификаттар конкурс нәтижелері жарияланған күннен бастап 7 жұмыс күні ішінде жіберіледі.

## 7. КОНКУРСТЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ

7.1. Конкурсқа жалпы басшылық жасау, іс-шараларды сапалы ұйымдастыру, келісілген іс-қимылдарды қамтамасыз ету және бірыңғай тәсілдерді әзірлеу мақсатында конкурстың Ұйымдастыру комитеті (бұдан әрі – Ұйымдастыру комитеті) құрылады.

7.2. Ұйымдастыру комитетінің құрамы конкурс өткізуге қатысатын ұйымдардың өкілдерінен, сондай-ақ AIU Экономика жоғары мектебінің профессорлық-оқытушылық құрамынан жасақталады. Ұйымдастырушылар комитет құрамына ғылыми қызметкерлерді, сарапшыларды, әріптестерді, жұмыс берушілер мен қоғам өкілдерін де қоса алады.

7.3. Ұйымдастыру комитеті келесі функцияларды жүзеге асырады:

- қазылар алқасының құрамын және оның жұмыс тәртібін айқындайды;
- конкурстың тақырыптық бағыттарын әзірлейді және оларды бағалау өлшемшарттарын белгілейді;

– конкурстың ақпараттық сүйемелдеуін жүзеге асырады: АІU ақпараттық ресурстарында, бірлескен ұйымдастырушыларда, әлеуметтік желілерде және БАҚ-та тікелей ілгерілету жұмыстарын жүргізеді.

7.4. Қазылар алқасы келесі міндеттерді атқарады:

- қатысушылардың жұмыстарын тексеріп, бағалайды;
- ұйымдастыру комитеті белгілеген критерийлер негізінде жеңімпаздар мен жүлдегерлерді анықтайды;
- қазылар алқасының отырысы оның мүшелерінің жартысынан көбі қатысқан жағдайда заңды болып есептеледі, шешім көпшілік дауыспен қабылданады;
- конкурс өткізуге байланысты өзге де міндеттерді атқарады.

7.5. Конкурс ұйымдастыру және өткізуге қатысты ресми ақпарат (конкурс ережесі, бағыттар тізімі, басталу туралы хабарландыру және т.б.) АІU ресми сайтында жарияланады.

7.6. Осы Ережеде қарастырылмаған ұйымдастырушылық мәселелерді Ұйымдастыру комитеті шешеді.

7.7. Ұйымдастыру комитетінің құрамы АІU-дің ішкі нормативтік актісімен бекітіледі. Қазылар алқасының құрамы ұйымдастыру комитетінің шешімімен анықталады.

## **8. КОНКУРСТЫ ӨТКІЗУ ШАРТТАРЫ**

8.1. Конкурсқа қатысу ерікті түрде және ұйымдастырушылық жарнасыз жүзеге асырылады.

8.2. Қатысушылар өтінімді 1-қосымшада берілген үлгі бойынша толтырады.

8.3. Конкурстық жұмыстарды рәсімдеуге қойылатын талаптар мен бағалау критерийлері 2-қосымшада көрсетілген.

8.4. Ағымдағы жылдың 20 сәуірінен кейін жіберілген жұмыстар қабылданбайды.

8.5. Конкурсқа ұсынылған материалдар қайтарылмайды, конкурстық жұмыстарға рецензия берілмейді

## **9. КОНКУРС ҚОРЫТЫНДЫСЫН ШЫҒАРУ**

9.1. Жұмыстар қатысушылардың келесі санаттары бойынша бағаланады:

- жоғары оқу орындарының студенттері;
- магистранттар;
- докторанттар.

9.2. Әр санат бойынша ең жоғары балл жинаған қатысушы жеңімпаз болып танылады.

9.3. Конкурсның барлық қатысушыларына қатысқаны туралы сертификаттар беріледі, ал жеңімпаздар өз санаттары бойынша дипломдармен марапатталады.

**«КЛИМАТТЫҢ ӨЗГЕРУІ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ЖАСЫЛ ЭКОНОМИКА: СЫН-ҚАТЕРЛЕР МЕН ПЕРСПЕКТИВАЛАР» АТТЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖҰМЫСТАР БАЙҚАУЫНА**

1. Қатысушының (қатысушылардың) толық аты-жөні:	
1. Қатысушының электрондық поштасы, байланыс телефоны	
2. Конкурстық жұмыстың атауы	
3. Конкурстың тақырыптық бағыты	
4. Қатысушы санаты: – жоғары оқу орындарының студенттері (курсты көрсету); – жоғары оқу орындарының магистранттары; – жоғары оқу орындарының докторанттары.	
5. Ғылыми жетекшінің / ғылыми кеңесшінің аты-жөні (бар болса), байланыс телефоны және электрондық пошта	
6. Конкурстық жұмыс орындалған ұйымның толық атауы	
7. Ұйымның пошталық және электрондық мекенжайы	

## КОНКУРСТЫҚ ЖҰМЫСТАРДЫ РЕСІМДЕУГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ

### 1. ЭССЕГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

#### Рәсімдеу талаптары:

- Жалпы көлемі: 3–5 баспа бет (А4).
- Пішімі: Microsoft Word.
- Қаріп: Times New Roman, 14 кегль.
- Жоларалық интервал: 1,5.
- Абзац шегінісі: 1 см.
- Өрістер: барлық жағынан 2 см.
- Мәтінді туралау: ені бойынша.
- Тасымалдаусыз жазу.

#### Титул парағында келесі мәліметтер көрсетілуі тиіс:

- Қатысушының аты-жөні;
- Қатысушының санаты (студент, магистрант және т.б.);
- Тақырыптық бағыты;
- Жұмыс атауы;
- Білім беру ұйымының атауы (бар болса);
- Ғылыми жетекшінің аты-жөні (бар болса).

#### Жұмыс мазмұнына қойылатын талаптар:

- Эссе конкурс тақырыбына сай өзекті зерттеу жүргізуді және негізделген қорытындыларды қамтуы тиіс;
- Жұмыс құрылымы логикалық тұтастыққа ие болуы қажет (кіріспе, мәселе қою, талдау, қорытынды);
- Эссе сауатты және ұқыпты рәсімделуі тиіс;
- Автор өз пікірін білдіріп, оны ғылыми әдебиет пен басқа дереккөздерге сілтемелермен негіздеуі қажет;
- Авторлық ұстаным мен жеке көзқарас міндетті.

#### Бағалау критерийлері:

- Тақырыптың өзектілігі мен тереңдігі – 20%
- Логикалық құрылым және мазмұнның реттелуі – 20%
- Өзіндік ой мен дәлелді тұжырым – 20%
- Жазу тілі мен сауаттылығы – 20%
- Рәсімдеуге қойылатын талаптарға сәйкестік – 20%

### 2. ПРЕЗЕНТАЦИЯҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

#### Рәсімдеу талаптары:

- Көлемі: 15–20 слайд, Microsoft PowerPoint форматында;
- Презентация тек электронды түрде қабылданады;

- Слайдтарда тезистер, негізгі тіркестер және графикалық ақпарат (суреттер, диаграммалар және т.б.) берілуі тиіс;
- Әріп: Sans serif (Arial, Calibri),
- тақырыптарға – 36–54 pt,
- мәтінге – 24–36 pt;
- Қаріптің 2–3 түрінен артық қолдануға болмайды;
- Түс фоны — күңгірт пастелді реңктер (ашық жасыл, көгілдір, сары және т.б.);
- Қаріп түсі мен фон арасында контраст болуы қажет.

#### **Графикалық ақпарат бойынша:**

- Суреттер мен диаграммалар мағыналық жүктемені көтеріп, атаулармен сүйемелденуі тиіс;
- Файл көлемін азайту үшін суреттер алдын ала (jpg форматында) өңделуі қажет;
- Бір графиктің көлемі слайдтың жартысынан аспауы тиіс;
- Мәтін – 2/3, сурет – 1/3 қатынасында болуы тиіс.

#### **Слайдтар құрылымы (шамамен):**

- Титулдық слайд;
- Кіріспе (мәселе, өзектілік, материал көзі);
- Мақсаттар мен міндеттер;
- Зерттеу әдістері;
- 5–9. Негізгі бөлім;
- Қорытынды;
- Қолданылған әдебиеттер тізімі;
- Қорытынды слайд (алғыс білдіру, байланыс).

#### **Бағалау критерийлері:**

- Ақпараттық мазмұндылығы – 20%
- Көрнекілік пен дизайн сапасы – 20%
- Құрылым логикасы және баяндау реттілігі – 20%
- Тұжырымдардың анықтығы – 20%
- Өзіндік идея және ұсыну ерекшелігі – 20%

### **3. АНАЛИТИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР**

#### **Рәсімдеу талаптары:**

- Көлемі: 10 бетке дейін (титул парағы мен әдебиеттерді қоспағанда);
- Пішімі: PDF немесе DOCX;
- Қаріп: Times New Roman, 12 pt;
- Жоларалық интервал: 1,5;
- Өрістер: барлық жағынан 2 см;
- Мәтін ені бойынша тураланады.

#### **Құрылымы:**

- Титул парағы;
- Кіріспе (өзектілік, мақсат, міндеттер);
- Негізгі бөлім (әдістеме, талдау, нәтижелер);

– Қорытынды (тұжырымдар, ұсыныстар);

– Қолданылған әдебиеттер тізімі.

**Жұмысқа қойылатын талаптар:**

– Тақырып бойынша түпнұсқа аналитикалық зерттеу болуы тиіс;

– Мазмұнында нақты әдістеме, талдау және қорытындылар қамтылуы керек;

– Ғылыми дереккөздерге міндетті түрде сілтеме жасалуы тиіс;

– Плагиат деңгейі 20%-дан аспауы керек (яғни өзіндік үлесі  $\geq 80\%$ );

– Графиктер мен кестелер жалпы көлемнің 20%-ынан аспауы тиіс.

**Бағалау критерийлері:**

– Өзектілік – 20%

– Ғылыми тереңдік және әдістерді қолдану – 20%

– Жаңалық пен практикалық маңыздылығы – 20%

– Құрылым логикасы – 20%

– Рәсімдеу талаптарына сәйкестік – 20%

**4. ҒЫЛЫМИ ЖОБАНЫҢ ТҰСАУКЕСЕРІ БАР БЕЙНЕРОЛИК**

**Рәсімдеу талаптары:**

– Ұзақтығы: 5 минутқа дейін;

– Пішімі: MP4, AVI немесе MOV;

– Ажыратымдылығы: кемінде 720р.

**Бейнеролик құрылымы:**

– Автор мен тақырыпты таныстыру;

– Мәселе мен мақсатты сипаттау;

– Негізгі тұжырымдар және олардың қолданылуы;

– Көрнекі сүйемелдеу (графика, диаграмма, мысалдар);

– Қорытынды сөз.

**Жұмысқа қойылатын талаптар:**

– Жоба жасыл экономикаға байланысты болуы тиіс;

– Бейне құрылымы логикалық және мазмұнды болуы қажет;

– Инфографика, сұхбат, эксперименттерді қолдануға болады;

– Бейнежазба авторлық болуы тиіс;

– Дауыс немесе субтитрлер анық, түсінікті болуы қажет.

**Бағалау критерийлері:**

– Материалдың анықтығы мен дәлдігі – 20%

– Көрнекі сүйемелдеу сапасы – 20%

– Өзіндік ұсыну тәсілі – 20%

– Практикалық маңыздылығы – 20%

– Техникалық талаптарға сәйкестік – 20%